

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-В Заңы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 20-баптан қараңыз.

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі жұмыс істейтін саладағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ оны мемлекеттік ынталандыру шарттарын, нысандарын және мазмұнын реттейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бастапқы білім беру капиталы – салымшының білім беру жинақтау салымына немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша есептеу сомасына есепке жатқызылатын, бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлем;

1-1) білім беру жинақтау сақтандыруы – сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде, оның ішінде білім беру жинақтау сақтандыруы шартында белгіленген кезең өткеннен кейін, қайсысы бірінші басталатынына қарай, сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін, білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаражат жинақтау мақсатында жүзеге асырылатын өмірді жинақтау сақтандыруы;

2) білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімі – оператор бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын есепке жазатын білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарын тіркеудің бірыңғай базасы;

3) білім беру жинақтау сақтандыруы шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты) – өмірді жинақтау сақтандыруы шарты, оған сәйкес бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (қатысушы-сақтандыру ұйымы) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде сақтандыру төлемін, оның ішінде есепке жазылған инвестициялық кірісті негізге ала отырып есептелген сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді;

4) білім беру жинақтау салымы – салымшының немесе енгізушилердің журналарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу

мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері есебінен жарналарын, бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын және қатысуши банктің капиталдандырылған сыйақыларын қамтитын, салымшының қатысуши банк шотындағы ақшасы;

5) білім беру жинақтау салымы туралы шарт (бұдан әрі – салым шарты) – салымшы қатысуши банкпен жасасқан, білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаражат жинақтауға арналған банктік салым шарты;

6) білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімі – оператор бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын есепке жазатын салым шарттарын тіркеудің бірыңғай базасы;

7) білім беру қызметтері – жеке адамның білім алу қажеттіліктерін іске асыруға және білім беру бағдарламаларын менгеруге бағытталған көрсетілетін қызметтерді білім алушыға ұсыну жөніндегі қызмет;

8) білім беру саласындағы уәкілетті орган – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органды;

9) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органды;

10) енгізуші – салымшының пайдасына білім беру жинақтау салымына жарна салуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті;

11) кредитор – банктік қарыз операцияларын жүргізуге лицензиясы бар және мемлекет уәкілеттік берген ұйымның кепілдігімен білім беру кредиттерін ұсыну туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі;

12) кредиттік желі – қарыз алушыға кредитордың білім беру кредиті шартында айқындалған уақыт ішінде келісілген лимит шегінде оған ақша беру жөніндегі заңды түрде ресімделген міндеттемесін ұсыну;

13) қарыз алушы – білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін жетпейтін сомаға кредитормен білім беру кредиті шартын жасасқан салымшы;

14) қатысуши банк – осы Заңда белгіленген талаптарға сай келетін және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, Ұлттық пошта операторы;

14-1) қатысуши білім беру ұйымы – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және әрекет ететін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске

асыратын және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан занды тұлға;

15) қатысуши-сақтандыру ұйымы – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасқан занды тұлға;

16) мемлекет сыйлықақысы – білім беру жинақтау салымының нақты жинақталған қалдығына және сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасына бюджет қаражаты есебінен жыл сайын белгіленген мерзімде төленетін ақша;

17) Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін және қатысуши банктердің халықтың салымдарын, қатысуши-сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) тартуына және бастапқы білім беру капиталын есепке жазуға, сондай-ақ оларға тиісінше сыйакыларды, инвестициялық кірісті және мемлекет сыйлықақыларын есепке жазуға негізделген, білім беру қызметтеріне ақы төлеуге арналған ақшалай жинақтар жүйесі;

18) Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган мен білім беру саласындағы уәкілетті органның бірлескен шешімімен айқындалатын, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі қатысушиларының қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйым;

19) Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – ынтымақтастық туралы келісім) – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін іске асыру шенберінде оператор мен қатысуши банк, оператор мен қатысуши-сақтандыру ұйымы немесе оператор мен қатысуши білім беру ұйымы арасындағы олардың өзара іс-қимыларының шарттары мен тәртібін белгілейтін келісім;

20) пайда алушы – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

21) сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасы – сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру жарналары), бастапқы білім беру капиталы, инвестиациялық кіріс, өткен кезеңдердегі есепке жазылған мемлекет сыйлықақылары ескеріліп, сақтандыру шарты бойынша қалыптасқан сақтандыру резерві негізге алына отырып айқындалатын мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін қабылданатын сома;

22) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі (бұдан әрі – сақтандыру төлемі) – сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде не сақтандыру шартында

айқындалған мерзім басталған кезде, пайдасына сақтандыру шарты жасалған пайда алушының білім алу қызметтеріне ақы төлеу үшін сақтандыру шартында көзделген, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), бастапқы білім беру капиталын, инвестициялық кірісті, мемлекет сыйлықақысын қамтитын және қатысушы-сақтандыру ұйымы төлейтін ақша сомасы;

23) сақтанушы – пайда алушының ата-анасы немесе басқа жақын туысы, занды өкілі болып табылатын және қатысушы-сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасқан адам (осы Занға сәйкес сақтанушы сақтандырылушы болып табылады);

24) салымшы – салым шартының тарапы болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы;

25) сатып алу сомасы – сақтанушының сақтандыру шартының қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде алуға құқығы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын ақша сомасы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Занда мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Занда көзделгеннен өзге қағидалар белгіленсө, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласын мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) қоғамда білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін ақша жинау мәдениетін дамыту;

2) қоғамда болашақ кәсіпті немесе мамандықты саналы түрде таңдауды қалыптастыру.

3. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласын мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) зандалық;
- 2) жариялыштық;

3) білім беру жинақтау салымы мен білім беру жинақтау сақтандыруының нысаналы мақсаты;

4) азаматтардың, қатысушы банктердің және қатысушы-сақтандыру ұйымдарының Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысуға қосылуының еріктілігі;

5) халықтың Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысуын мемлекеттік түрғыдан көтермелеу.

**Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – КР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.**

4-бап. Ұылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның құзыretі

Ұылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп білім беру ұйымдарының типтері бойынша оқытудың орташа құнының ұзак мерзімді болжамдарын әзірлейді;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп ұлгілік салым және сақтандыру шарттарын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп оператор мен қатысушы банк, оператор мен қатысушы-сақтандыру ұйымы, оператор мен қатысушы білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы ұлгілік келісімдерді әзірлейді және бекітеді ;

6) бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

7) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілдептіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

5-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі жұмыс істеуінің құқықтық негіздері

1. Осы Заңның 11-бабының 7-тармағында және 11-1-бабының 11-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға қолданылады.

2. Салымшы, пайда алушы, қатысуши банк, қатысуши-сақтандыру ұйымы, енгізуши, сақтанушы, оператор, қатысуши білім беру ұйымы, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган және білім беру саласындағы уәкілетті орган Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылар болып табылады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

6-бап. Оператордың функциялары

Оператор:

1) қатысуши банкпен, қатысуши-сақтандыру ұйымымен ынтымақтастық туралы келісім жасасады;

2) қатысуши білім беру ұйымымен ынтымақтастық туралы келісім жасасады;

3) қатысуши банктен, қатысуши-сақтандыру ұйымынан, қатысуши білім беру ұйымынан, салымшыдан, сақтанушыдан және (немесе) пайда алушыдан салым шартын, сақтандыру шартын жасасуға, оның қолданысына, мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталын есепке жазуға, білім беру қызметтерінің құны мен ақысына, білім алушының мәртебесіне қатысты қажетті мәліметтерді сұратады;

4) жасалған салым шарттарын, сақтандыру шарттарын тіркеуді жүзеге асырады және есепке алуды жүргізеді;

4-1) тиісінше салымшыда немесе пайда алушыда операторда тіркелген салым шартының немесе сақтандыру шартының, сондай-ақ пайда алушы және салымшы сол бір тұлға болып табылатын сақтандыру шартының немесе салым шартының бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады;

5) қатысушы банктен салымшыны шетелдік білім беру үйіміна қабылдау және салымшының жинақталған қаражатын шетелдік білім беру үйіміна аудару туралы растайтын құжаттарды алғаннан кейін салым шартын білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімінен алып тастайды және ол бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жазуды тоқтатады;

5-1) пайда алушының шетелдік білім беру үйіміна қабылданғаны туралы растау құжаттары қатысушы-сақтандыру үйімінан алынғаннан кейін және сақтандыру шарты бойынша шетелдік білім беру үйіміна сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру шартын білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімінен алып тастайды және ол бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жазуды тоқтатады;

6) Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін осы Заңда қойылатын талаптарды қатысушы банктің, қатысушы-сақтандыру үйімшының орындағаны туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жылына екі рет жариялады;

7) білім беру жинақтау салымына немесе сақтандыру шартына есепке жатқызылуға жататын мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының сомасын есептеуді жүзеге асырады және оны тиісінше қатысушы банкке немесе қатысушы-сақтандыру үйімінде ұсынады;

8) қатысушы банктің және қатысушы-сақтандыру үйімшының білім беру жинақтау салымдарына және сақтандыру шарттарына мемлекет сыйлықақылары мен бастапқы білім беру капиталының сомаларын есепке жатқызу мерзімдерін сақтауына мониторингті жүзеге асырады;

9) осы Заңның 14 және 14-1-баптарында көзделген жағдайларда мемлекет сыйлықақысының есепке жазылуын қайта есептеуді жүргізеді;

10) бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы сомасының мөлшері туралы анықтама-үзінді көшірмені салымшыға, қатысушы банкке, сақтанушыға, пайда алушыға, қатысушы-сақтандыру үйімінде немесе қатысушы білім беру үйімінде береді;

11) қатысушы банктің, қатысушы-сақтандыру үйімшының немесе қатысушы білім беру үйімшының бастапқы білім беру капиталының, мемлекет сыйлықақысының сомасын бюджетке толық және уақытылы қайтаруын қамтамасыз етеді;

12) салымшыға, сақтанушыға, қатысушы банкке, қатысушы-сақтандыру үйімінде, қатысушы білім беру үйімінде осы Заңда және (немесе) ынтымақтастық туралы келісімде қойылатын талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта тарту үшін шаралар қабылдайды;

13) қатысушы банк осы Заңның 15-бабының 2-тармағында қойылатын талаптарды орындаған жағдайда, қатысушы банкпен ынтымақтастық туралы келісімді біржақты тәртіппен бұзады, сондай-ақ салымшылардың ақшасын, салым шарты бойынша

мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) есепке жатқызылған сомасын салымшының таңдауы бойынша басқа қатысушы банкке аударуды талап етеді;

13-1) қатысушы-сақтандыру үйымы осы Заңның 18-1-бабының 2-тармағында қойылған талаптарды орындамаған жағдайда, қатысушы-сақтандыру үйымымен ынтымақтастық туралы келісімді біржақты тәртіппен бұзады, сондай-ақ сатып алу сомасын және сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) есепке жатқызылған сомасын сақтанушының таңдауы бойынша басқа қатысушы-сақтандыру үйымына аударуды талап етеді;

14) салымшының немесе пайда алушының Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу фактісі анықталған жағдайда, салымшымен салым шартын немесе сақтанушымен сақтандыру шартын бұзу қажеттігі туралы қатысушы банкті немесе қатысушы-сақтандыру үйымын хабардар етеді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-тарау. Салым шарты және сақтандыру шарты

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Салым шарты

1. Салым шарты осы Заңның талаптарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және үлгілік салым шарты негізінде қатысушы банк пен салымшы арасында жазбаша нысанда жасалады.

2. Салым шартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

3. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін салым шарты:

1) егер тараптардың бірде-бірі шарттың қолданылуын тоқтатуға ниет білдірмесе, оның қолданылу мерзіміне автоматты түрде ұзартылады;

2) тараптардың келісімімен өзге мерзімге ұзартылады;

3) ақша қалдығы аударыла отырып, салымшының таңдауы бойынша басқа қатысушы банкпен жасалуы мүмкін.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

8-бап. Салым шартының талаптары

1. Салым шартында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:
 - 1) шарттың нысанасы;
 - 2) қатысушы банк белгілейтін бастапқы жарна мөлшері;
 - 3) шарттың қолданылу мерзімі;
 - 4) қатысушы банк сыйақысының мөлшері және оны төлеу тәртібі;
 - 5) мемлекет сыйлықақысының осы Занда белгіленген мөлшері;
 - 5-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бастапқы білім беру капиталының (бар болса) мөлшері және оны қайтару шарттары;
 - 6) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
 - 7) салымшының операторға банк құпиясын ашуға жазбаша келісімі;
 - 8) тараптардың жауаптылығы;
 - 9) шартты бұзу талаптары;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де ережелер.
2. Білім беру жинақтау салымы теңгемен ашылады.
3. Алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
4. Қатысушы банк салым шартын жасасқан кезде білім беру жинақтау салымына қосымша жарналарды салудың ұсынылатын кезенділігін және олардың мөлшерін есептейді.
5. Салымшының шотына Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалардан жарналар салынуы мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Салым шартын тіркеу

1. Салым шарттары осы Заңың 12-бабына сәйкес мемлекет сыйлықақысы есепке жазылатын білім беру жинақтау салымдарын есепке алу үшін білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімінде тіркелуге жатады.
2. Оператор қатысушы банк ұсынған салым шарттарын тіркеуді білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу және тіркеу нөмірін беру арқылы жүзеге асырады.
3. Осы Заңың талаптарына сәйкес келетін, қатысушы банк ұсынған салым шарттары тіркелуге жатады. Салымшының операторда тіркелген салым шарты немесе ол бойынша салымшы пайда алушы болып табылатын, операторда тіркелген сақтандыру шарты болған кезде, салым шарты тіркелуге жатпайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Қатысушы банк сыйақысы

1. Қатысушы банк ай сайын капиталдандыра отырып, салымшыға салым шартында айқындалған мөлшерде салым сомасына сыйақы төлейді.

2. Қатысушы банк сыйақысы салым шарты қолданылатын мерзім бойына есепке жазылады және білім беру жинақтау салымының негізгі сомасына қосылады (капиталдандырылады).

3. Қатысушы банктің тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ең төмен мөлшері:

1) қоса алғанда бір жылға дейінгі мерзімге жасалатын салым шарты үшін – салым шартын жасасу немесе ұзарту күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген, екі жұз базистік тармаққа төмендетілген базалық мөлшерлеме деңгейінен төмен;

2) бір жылдан астам уақытқа жасалатын салым шарты үшін – салым шартын жасасу немесе ұзарту күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген, үш жұз базистік тармаққа төмендетілген базалық мөлшерлеме деңгейінен төмен болмауға тиіс.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

11-бап. Білім беру жинақтау салымына иелік ету

1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі білім беру жинақтау салымының ақшасын бір қатысушы банктен басқа қатысушы банкке не қатысушы банктен қатысушы-сақтандыру ұйымына толық көлемде жылына бір рет қана аударуды жүзеге асыруға құқылы.

2. Бастапқы білім беру капиталы жоқ салымшыға білім беру гранты берілген немесе салымшының білім туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда, салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі:

1) білім беру жинақтау салымына қаражат жинақтауды жалғастыруға;

2) білім беру жинақтау салымының қаражатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасы үшін білім беру жинақтау салымына немесе сақтандыру шартына аударуға;

3) басқа да техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру жинақтау салымының қаражатын білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

4) білім беру жинақтау салымының қаражатын қатысушы банктің капиталдандырылған сыйақысымен және есепке жазылған мемлекет сыйлықақысымен қоса алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру жинақтау салымының қаражатын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалануға құқылы.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері есебінен қалыптастырылған білім беру жинақтау салымының қаражатын (олар болған кезде) салымшы:

1) "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған салымшының нысаналы жинақтау шотына аудару кезіндегі валюталар бағамы бойынша АҚШ долларында одан әрі аудару үшін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына аударуға;

2) "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына ұлттық валютамен аударуға;

3) басқа да техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жүмсауға;

4) білім беру жинақтау салымында қаражат жинақтауды жалғастыруға құқылы.

2-1. Бастапқы білім беру капиталы бар салымшыға білім беру гранты берілген немесе оның білім туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның занды өкілі білім туралы құжаттың ұсынылуы шартымен қатысушы банктің капиталдандырылған сыйақысы, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталы ескерілген білім беру жинақтау салымының қаражатын алуға, сондай-ақ осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларына және екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес білім беру жинақтау салымына билік етуге құқылы.

3. Салымшы қатысушы білім беру ұйымына шарттық негізде оқуға түсken кезде білім беру қызметтеріне ақы салымшының не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның занды өкілінің өтініші бойынша бөліктермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) қатысушы білім беру ұйымына төленеді.

4. Салымшы қаза болған, сот оны әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен деп таныған, не қайтыс болды деп жариялаған немесе ол денсаулық жағдайына байланысты оқын жалғастыруға қабіletі болмаған жағдайда, білім беру жинақтау салымын:

1) салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі немесе оның мұрагерлері Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасы үшін білім беру жинақтау салымына немесе сақтандыру шартына жібереді;

2) ол мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса) сақтала отырып, салымшыға не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкіліне немесе оның мұрагерлеріне салым шартын бұзу талаптары бойынша төленеді.

5. Барлық оқу кезеңі үшін білім беру қызметтеріне ақы төленгеннен кейін білім беру жинақтау салымында қаражат қалған кезде салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі осы соманы есепке жазылған мемлекет сыйлықақысымен қоса алуға құқылы.

6. Салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі жинақталған қаражат сомасын есепке жазылған мемлекет сыйлықақысымен және бастапқы білім беру капиталымен (бар болса) қоса Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның білім беру жинақтау салымы туралы шарттардың бірыңғай тізілімінде тіркелген салымына бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларында көзделген тәртіппен аударуға құқылы.

7. Салымшы шетелдік білім беру үйымина шарттық негізде окуға түскен кезде салымшының не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілінің өтініші бойынша салымшының жинақталған қаражатынан окуға ақы төлеуді қатысушы банк салымшыны шетелдік білім беру үйымина қабылдау туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде қатысушы банктің капиталдандырылған сыйақысын, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталын (бар болса) ескере отырып, үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін) жүзеге асырады. Бұл ретте, кейіннен қаражат шетелдік білім беру үйымина аударылған кезден бастап мемлекет сыйлықақысының есепке жазылуы тоқтатылады.

Салымшы шетелдік білім беру үйымина грантқа қабылданған жағдайда салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру үйиминың білім туралы құжатының ұсынылуы шартымен қатысушы банктің капиталдандырылған сыйақысы,

есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталы (бар болса) ескерілген білім беру жинақтау салымының қаражатын алуға, сондай-ақ осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларына және екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес білім беру жинақтау салымына билік етуге құқылы

8. Мүлікке билік етуге уақытша шектеу, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеулер белгілеуге, салым шарты бойынша банктік шоттардағы ақшаға тыйым салуға немесе өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Ескеरту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-1-бап. Сақтандыру шарты және сақтандыру шартына билік ету

1. Сақтандыру шарты осы Заңның талаптарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және үлгілік сақтандыру шарты негізінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын пайда алушының пайдасына қатысуыш-сақтандыру ұйымы мен сақтанушы арасында жазбаша нысанда жасалады.

2. Сақтандыру шарты кемінде үш жыл мерзімге жасалады.
3. Сақтандыру шартында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:
 - 1) сақтандыру шартының нысанасы;
 - 2) сақтанушы туралы мәліметтер;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша пайда алушы туралы мәліметтер;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, оны (оларды) төлеу тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) төлем талаптары және сатып алу сомасының мөлшері;
 - 8) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;
 - 9) сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі;
 - 10) мемлекет сыйлықақысының осы Заңда белгіленген мөлшері;
- 10-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бастапқы білім беру капиталының (бар болса) мөлшері және оны қайтару шарттары;
- 11) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 12) сақтанушының, пайда алушының (заңды өкілдің) сақтандыру құпиясын операторға ашып көрсетуге жазбаша келісімі;
- 13) тараптардың жауапкершілігі;
- 14) сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 15) сақтандыру шартын бұзы талаптары;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де ережелер.

4. Сақтандыру шарттары осы Заңның 14-1-бабына сәйкес мемлекет сыйлықақысы есепке жазылатын сақтандыру шарттарын есепке алу үшін білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізілімінде тіркелуге жатады.

5. Оператор білім беру жинақтау сақтандыруы шарттарының бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу және тіркеу нөмірін беру арқылы қатысушы-сақтандыру ұйымы ұсынған сақтандыру шарттарын тіркеуді жүзеге асырады. Сақтандыру шарты операторда тіркелген пайда алушының пайдасына жасалған сақтандыру шарты немесе ол бойынша салымшы мен пайда алушы сол бір тұлға болып табылатын, операторда тіркелген салым шарты болған кезде тіркелуге жатпайды.

6. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында айқындалады.

7. Сақтандыру шартының валютасы теңге болып табылады.

8. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы бір рет немесе сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жарналары түрінде бөліп төленеді не "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін пайда алушының нысаналы жинақ төлемдері есебінен төленеді.

9. Мыналар сақтандыру жағдайлары болып табылады:

1) сақтандырылышының сақтандыру шартында белгіленген күнге дейін өмір сүруі;

2) сақтандырылышыға сақтандырып қорғаудың қолданылуы кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі;

3) сақтандыру шартында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырып қорғаудың қолданылуы кезеңінде сақтандырылышының қайтыс болуы.

10. Пайда алушының шетелдік білім беру ұйымына оқуға түсү жағдайын қоспағанда, пайда алушы қатысушы білім беру ұйымына шарттық негізде оқуға түскен кезде сақтандыру төлемі қатысушы білім беру ұйымына жүзеге асырылады.

11. Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына шарттық негізде оқуға түскен кезде қатысушы-сақтандыру ұйымдары сақтанышының немесе пайда алушының не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілінің өтініші бойынша сақтандыру төлемін пайда алушыны шетелдік білім беру ұйымына қабылдау туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде инвестициялық кірісті, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталын (бар болса) ескере отырып, үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір рет (бүкіл оқу мерзімі үшін) жүзеге асырады.

Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына оқуға түскен кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қатысушы-сақтандыру ұйымы пайда алушының банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасау құқығын шектей отырып, шетелдік білім беру

ұйымына білім беру қызметтеріне ақы төлеу мақсатында ғана осы адамның атына "эскроу-шот" режиміндегі банктік шот ашады және сақтандыру төлемінің сомасын осы шотқа аударады.

Қатысуышы-сақтандыру ұйымы "эскроу-шот" режиміндегі банктік шотқа сақтандыру төлемін аударған кезден бастап мемлекет сыйлықақысын есепке жазу тоқтатылады.

Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына грантқа қабылданған жағдайда сақтанушы немесе пайда алушы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның занды өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжатының ұсынылуы шартымен инвестициялық кіріс, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталы (бар болса) ескерілген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ осы баптың 13-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларына және екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдеріне билік етуге құқылы.

12. Пайда алушы қатысуышы білім беру ұйымына шарттық негізде оқуға түсken кезде сақтандыру төлемі сақтанушының немесе пайда алушының не оның занды өкілінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда қатысуышы білім беру ұйымына кезең сайын төлемдермен (әрбір академиялық кезеңге немесе оқу жылына) немесе бір рет толық көлемде (оқудың бүкіл мерзіміне) ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

13. Бастапқы білім беру капиталы жоқ пайда алушыға білім гранты тағайындалған немесе пайда алушының білім туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда, сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушы не оның занды өкілі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда:

1) инвестициялық кірісті және есепке жазылған мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға;

2) басқа да техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзартуға және (немесе) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

3) инвестициялық кірісті және мемлекет сыйлықақысын ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасы үшін сақтандыру шартына немесе білім беру жинақтау салымына ақы төлеуге аударуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық кіріс пен есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы ескерілген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға аударуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерінің сомасын (олар болған кезде) пайда алушы:

1) "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған салымшының нысаналы жинақтау шотына аудару кезіндегі валюталар бағамы бойынша АҚШ долларында одан әрі аудару үшін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына аударуға құқылы;

2) "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына ұлттық валютамен аударуға құқылы.

13-1. Бастапқы білім беру капиталы бар пайда алушыға білім беру гранты берілген немесе оның білім туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және қәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болған жағдайда пайда алушы, сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі білім туралы құжаттың ұсынылуы шартымен инвестициялық кіріс, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы мен бастапқы білім беру капиталы ескерілген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ осы баптың 13-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларына және екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдеріне билік етуге құқылы.

14. Сақтандыру төлемінің мөлшері оқудың бүкіл кезеңіндегі білім беру қызметтеріне ақы төлеу сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен сома мөлшеріндегі сақтандыру төлемі сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда сақтанушыға, пайда алушыға не оның заңды өкіліне төленуге жатады.

15. Пайда алушы қайтыс болған, сот оны әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен деп таныған не қайтыс болды деп жариялаған немесе пайда алушы денсаулық жағдайының салдарынан оқуын жалғастыруға қабілетсіз болған жағдайда, сақтанушы, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагерлері:

1) сақтандыру шартында көрсетілген пайда алушыны Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа адаммен ауыстыруға;

2) инвестициялық кіріс, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы және бастапқы білім беру капиталы (бар болса) ескерілген сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын алуға құқылы.

16. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сақтанушы сақтандыру шарты бойынша инвестициялық кіріс, есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы және бастапқы білім беру капиталы (бар болса) ескерілген сатып алу сомасын бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына не қатысушы-сақтандыру ұйымынан қатысушы банкке, бірақ сақтандыру шарты жасалған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін аударуды жүзеге асыруға құқылы.

17. Сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ескерту. 2-тарау 11-1-баппен толықтырылды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

3-тарау. МЕМЛЕКЕТ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ЕСЕПКЕ ЖАЗУ, ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

12-бап. Мемлекет сыйлықақысы

1. Мемлекет сыйлықақысы тіркелген салым шарты бойынша жиырма жылдан аспайтын мерзімге есепке жазылады.

2. Мемлекет сыйлықақысын есепке жазу жинақтаудың ең қысқа мерзімі бір жыл болған кезде жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша салым сомасының нақты жинақталған қалдығына жүзеге асырылады. Мемлекет сыйлықақысы шарттың қолданылу мерзіміне есепке жазылады.

3. Мемлекет сыйлықақысы салымның негізгі сомасына қосылады (капиталдандырылады).

4. Мемлекет сыйлықақысының есепке жазылуы:

- 1) осы баптың 1-тармағында белгіленген есепке жазу мерзімі өткен жағдайда;
- 2) салым шартының қолданылу мерзімі өткен жағдайда;

3) салымшы қаза болған, соттың оны әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен деп тану туралы шешімі заңды қүшіне енген, не оны қайтыс болды деп жариялаған күннен бастап тоқтатылады.

5. Мемлекет сыйлықақысы мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Мемлекет сыйлықақысының мөлшері

1. Мемлекет сыйлықақысы білім беру жинақтау салымының сомасына жылдық бес пайыз, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жұз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде есепке жазылады.

2. Мемлекет сыйлықақысы мынадай басым санатқа жатқызылған салымшылардың пайдасына ашылған білім беру жинақтау салымдары бойынша жылдық жеті пайыз, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жұз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде:

1) жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған, оның ішінде кәмелетке толған балаларға, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа толғанға дейін;

2) мүгедектігі бар адамдарға;

3) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жалпы орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру ұйымдарында жалпы немесе кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында білім алатын балалары бар көп балалы отбасылардан шыққан балаларға олар кәмелетке толғаннан кейін оқу орнын бітіретін уақытқа дейін, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа толғанға дейін;

4) жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен отбасылардан шыққан балаларға есепке жазылады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында аталған салымшылардың жылдық жеті пайыз мөлшерінде мемлекет сыйлықақысын алу құқығын оператор балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілдегі органнын есепке жазылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қажетті мәліметтерді алу арқылы жыл сайын растайды.

Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында аталған салымшылардың жылдық жеті пайыз мөлшерінде мемлекет сыйлықақысын алу құқығын оператор халықты

әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілдегі органнан есепке жазылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қажетті мәліметтерді алу арқылы жыл сайын растайды.

Осы баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған салымшылардың жылдық жеті пайыз мөлшерінде мемлекет сыйлықақысын алу құқығын оператор халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілдегі органнан расталған тоқсаннан кейінгі тоқсанның 1-күніндегі жағдай бойынша қажетті мәліметтерді алу арқылы тоқсан сайын растайды.

Жылдық жеті пайыз мөлшерінде мемлекет сыйлықақысы тиісті жылда салымшының басым санатқа жатқызылуы расталатын айларға есепке жазылады.

4. Үйлем және жоғары білім саласындағы уәкілдегі орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілдегі орган жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттің сыйлықақысын инфляция деңгейінен төмен емес мөлшерде ұлғайту туралы ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

14-бап. Мемлекет сыйлықақысын бюджетке қайтару

1. Есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы:

1) осы Заңның 11 және 11-1-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, нысаналы мақсаты сақталмай, салым шарты салымшының бастамасы бойынша бұзылған немесе мерзімінің өтуіне байланысты салым шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

2) егер күнтізбелік үш жыл ішінде салымшы оқудан шығарылған қатысушы білім беру үйымина қайта қабылданбаса не басқа қатысушы білім беру үйимина оқуға түспесе, салымшы қатысушы білім беру үйимінан шығарылған күннен бастап осы үш жыл өткен;

3) жинақтау мерзімі осы Заңда белгіленген мерзімнен аз болған кезде мемлекет сыйлықақысын төлеу фактісі анықталған;

4) салымшы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

5) мемлекет сыйлықақысының артық есепке жазылу фактісі анықталған жағдайларда бюджетке қайтарылуға тиіс.

2. Мемлекет сыйлықақысын бюджетке қайтаруды қатысушы банк оператор арқылы, оның бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысы сомасының мөлшері туралы анықтама-үзінді көшірмесі бойынша, оператордан анықтама-үзінді көшірмені қатысушы банк алған күннен бастап банктік үш күн ішінде:

1) осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есепке жазылған мемлекет сыйлықақысының сомасы толық қөлемде;

2) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне жұмсалмаған сома бөлігінде;

3) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша, мемлекет сыйлықақысының артық есепке жазылған сомасын қайтаруды жүзеге асырады.

3. Салымши қатысушы білім беру үйымынан шығарылған кезде, білім беру қызметтеріне жұмсалмаған соманы қатысушы білім беру үйымы оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салымшының білім беру жинақтау салымына аударуға тиіс.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарымен.

14-1-бап. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жазу, төлеу және қайтару

1. Мемлекет сыйлықақысы тіркелген сақтандыру шарты бойынша жиырма жылдан аспайтын мерзімге есепке жазылады.

2. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жазу жыл сайын сақтандыру шарты бойынша 1 қаңтардағы жағдай бойынша есептеу сомасына жүзеге асырылады. Мемлекет сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу кезеңі ішінде есепке жазылады.

3. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысы сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасына қосылады және мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

4. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысы салым шарты үшін осы Заңың 13-бабында көзделген мөлшерде есепке жазылады.

5. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын есепке жазу:

1) осы баптың 1-тармағында белгіленген есепке жазу мерзімі өткен жағдайда;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен жағдайда;

3) пайда алушы қайтыс болған, сottың оны әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кетті деп тану туралы шешімі занды күшіне енген не ол қайтыс болды деп жарияланған күннен бастап тоқтатылады.

6. Есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы:

1) инвестициялық кіріс және есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы ескерілген сатып алу сомасын басқа қатысуши-сақтандыру ұйымына аударуға байланысты шарт бұзылған жағдайды қоспағанда, сақтандыру шарты сақтанушының бастамасы бойынша бұзылған немесе мерзімінің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер нысаналы мақсаты сақталмай тоқтатылған;

2) пайда алушы қатысуши білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жыл өткен, егер осы үш жыл ішінде пайда алушы оқудан шығарылған қатысуши білім беру ұйымына қайта қабылданбаған не басқа қатысуши білім беру ұйымына оқуға түспеген;

3) пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

4) мемлекет сыйлықақысының артық есепке жазылу фактісі анықталған жағдайларда бюджетке қайтарылуға жатады.

7. Қатысуши-сақтандыру ұйымы мемлекет сыйлықақысын бюджетке қайтаруды оператор арқылы, оның бюджетке қайтарылуға жататын мемлекет сыйлықақысы сомасының мөлшері туралы анықтама-үзінді көшірме бойынша, оператордан анықтама-үзінді көшірме алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) осы баптың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша толық көлемде;

2) осы баптың 6-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес білім беру қызметтеріне пайдаланылмаган сома бөлігінде;

3) осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша, артық есепке жазылған мемлекет сыйлықақысы сомасы бөлігінде жүзеге асырады.

Ескеरту. 3-тaraу 14-1-баппен толықтырылды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-1-тaraу. Бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану және қайтару

Ескерту. 3-1-taraumen толықтырылды – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-2-бап. Бастапқы білім беру капиталы

1. Бастапқы білім беру капиталы тіркелген салым шарты немесе сақтандыру шарты бойынша есепке жазылады.

2. Ағымдағы күнтізбелік жылы бес жасқа толған салымшыға салым шарты бойынша немесе пайда алушыға сақтандыру шарты бойынша бастапқы білім беру капиталын есепке жазу жүзеге асырылады.

3. Салымшы немесе сақтанушы ең төмен жарнаны бастапқы білім беру капиталы есепке жазылған күннен бастап және салымшы немесе пайда алушы қатысушы білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не салымшы немесе пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын енгізіп отырады.

Жыл сайынғы ең төмен жарнаның мөлшерін айқындау және бастапқы білім беру капиталын есепке жазу тәртібі бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

14-3-бап. Бастапқы білім беру капиталын пайдалану және қайтару

Есепке жазылған бастапқы білім беру капиталы мынадай:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, салымшының немесе сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде және мерзімдерде жыл сайынғы ең төмен жарнаны енгізбеу фактісі анықталған;

2) салымшы немесе пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) осы Заңның 11-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, нысаналы мақсаты сақталмай, салым шарты салымшының бастамасы бойынша бұзылған немесе мерзімінің өтуіне байланысты салым шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған;

4) осы Заңның 11-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, нысаналы мақсаты сақталмай, сақтандыру шарты сақтанушының, сақтанушы қайтыс болған жағдайда – пайда алушының бастамасы бойынша бұзылған немесе мерзімінің өтуіне байланысты сақтандыру шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайларда қайтарылуға жатады.

Салымшы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда оның заңды өкілі немесе сақтанушы төтенше жағдайдың қолданылуы, төтенше жағдайдың жариялануы, шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің енгізілуі кезеңінде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айрылған не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төмен жарнаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде енгізбеген жағдайда, бастапқы білім беру капиталы қайтарылмайды.

2. Қатысушы банк немесе қатысушы-сақтандыру ұйымы бастапқы білім беру капиталын операторға қайтаруды бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қайтарылған бастапқы білім беру капиталын пайдалануды оператор бастапқы білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

4-тапау. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ЖИНАҚТАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ИС-ҚИМЫЛЫ

15-бап. Інтымақтастық туралы келісім

1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін қатысушы банк ынтымақтастық туралы ұлгілік келісім негізінде оператормен ынтымақтастық туралы келісім жасасады.

2. Қатысушы банктеге мынадай талаптар қойылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашуға және жүргізуге, кассалық операцияларды жүргізуге арналған лицензияларының болуы;

2) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу;

3) алып тасталды - ҚР 05.07.2017 № 88-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) ынтымақтастық туралы келісім жасасу (қайта жасасу) кезінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қолданған күші бар қадағалап ден қою шараларының және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалардың болмауы.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының кассалық операцияларды жүргізуге арналған лицензияларының болуы туралы талабы және 2) тармақшасының талабы Ұлттық пошта операторына қолданылмайды.

3. Оператор білім беру қызметтеріне ақы төлеу білім беру жинақтау салымының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қатысушы білім беру ұйымымен ынтымақтастық туралы ұлгілік келісім негізінде ынтымақтастық туралы келісім жасасады.

4. Інтымақтастық туралы келісімде нысанасы, тараптардың құқықтары мен міндеттері, олардың өзара іс-қимылсының шарттары, тәртібі және жауапкершілігі қамтылуға тиіс.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылардың салым шартын жасасу және оның қолданылуы кезіндегі өзара іс-қимылы

1. Салым шартын жасасу кезінде қатысушы банк салымшының осы Занда белгіленген талаптарға сай келетіндігін, сондай-ақ салымшының атына ашылған қолданыстағы салым шартының және салымшы мен пайда алушы сол бір адам болып табылатын пайда алушының пайдасына жасалған сақтандыру шартының жоқтығын тексереді.

2. Эрбір салым шарты бойынша қатысушы банк ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен операторға салымшы, шоттың жай-күйі, салымшы ақшасының қозғалысы, мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) есепке жазылуы және сомасы туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қажетті мәліметтерді ұсынады.

3. Оператор салымшылардың Қазақстан Республикасы азаматтығына жататындығын растау туралы мәліметтерді сұратады, ал құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктерді беру жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын 1 қаңтарға қарай оларды ұсынады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

17-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылардың мемлекет сыйлықақысын есептеу және есепке жазу кезіндегі өзара іс-қимылы

1. Оператор жыл сайын ағымдағы жылғы 1 сөуірге дейінгі мерзімде қатысушы банктердің салым шарттары бойынша ұсынған мәліметтерінің негізінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға алдағы қаржы жылына арналған мемлекет сыйлықақыларын есепке жазудың болжамды есептемесін ұсынады.

2. Есепті жылдың қорытындысы бойынша оператор халықты әлеуметтік қорғау, балалардың құқықтарын қорғау және құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктерді беру саласындағы уәкілетті органдардан қажетті мәліметтерді алғаннан кейін, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға мемлекет сыйлықақыларының түпкілікті есептемесін ұсынады.

3. Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган оператордан мемлекет сыйлықақылары сомасының түпкілікті есептемесін алғаннан кейін есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін оператордың шотына мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аударады.

4. Оператор ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органнан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әрбір жасасылған салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақысының мөлшері туралы

мәліметтерді ұсына отырып, қатысушы банкке мемлекет сыйлықақыларын есепке жатқызуды жүргізеді.

5. Қатысушы банк оператордан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде салымшылардың шоттарына мемлекет сыйлықақыларын есепке жатқызады.

6. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін алдыңғы есепті жылдар бойынша мемлекет сыйлықақысын толық есепке жазу қажеттілігіне әкеп соғатын фактілер анықталған жағдайда оператор толық есепке жазылған сомаларды осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен есепті жыл бойынша мемлекет сыйлықақыларының түпкілікті есептемесіне енгізеді.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2017 № 88-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылардың білім беру қызметтеріне ақы төлеу кезіндегі өзара іс-қимылды

1. Білім беру жинақтау салымы арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеу салымшының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

2. Оқуға қабылданған, ауысқан, академиялық демалыс ресімделген, академиялық демалыстан оралған, оқуға қайта қабылданған, қатысушы білім беру үйыминан шығарылған, оның ішінде оқуды бітіруге байланысты шығарылған кезде, салымшы қатысушы банкке растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

3. Қатысушы білім беру үйыми:

1) салымшының оқуға қабылдануы, ауысуы, академиялық демалысты ресімдеуі, академиялық демалыстан оралуы, оқуға қайта қабылдануы, қатысушы білім беру үйыминан шығарылуы, оның ішінде оқуды бітіруге байланысты шығарылуы туралы тиісті құжаттардың көшірмелерін жіберу арқылы операторды хабардар етеді;

2) салымшының немесе қатысушы банктің талап етуі бойынша қажет болып тұрған академиялық кезеңдегі оқу құны немесе анықтама берілетін күнгі оқудың толық құны туралы анықтама береді;

3) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) салымшы басқа қатысушы білім беру үйымина ауысқан кезде, қабылдайтын қатысушы білім беру үйыминың шотына білім беру қызметтеріне төленген ақының қалдығын аударады, бұл жөнінде оператор мен қатысушы білім беру үйыми арасындағы ынтымақтастық туралы келісімде көзделген тәртіппен операторды хабардар етеді.

Қатысушы білім беру үйімі салымшының оқуы үшін алған сома мен оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күнге нақты алынған білім беру қызметтері құнының сомасы арасындағы айырма білім беру қызметтеріне төленген ақы қалдыры болып табылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-1-бап. Сақтандыру шарты бойынша мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылды

1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін қатысушы-сақтандыру үйімі ынтымақтастық туралы ұлгілік келісім негізінде оператормен ынтымақтастық туралы келісім жасасады.

2. Қатысушы-сақтандыру үйімдарына мынадай талаптар қойылады:

1) қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуы;

2) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу.

3. Сақтандыру шартын жасасу кезінде қатысушы-сақтандыру үйімі пайда алушының осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келуін, сондай-ақ пайда алушының пайдасына жасалған қолданыстағы сақтандыру шартының және ол бойынша пайда алушы мен салымшы сол бір тұлға болып табылатын салым шартының жоқтығын тексереді.

4. Әрбір сақтандыру шарты бойынша қатысушы-сақтандыру үйімі ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен операторға пайда алушы туралы, сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасының мөлшерлері, сатып алу сомасы, инвестициялық кіріс ескеріле отырып есептелген мемлекет сыйлықақысының, бастапқы білім беру капиталының (бар болса) есепке жазылуды мен сомасы туралы мәліметтерді ұсынады.

5. Оператор пайда алушылардың Қазақстан Республикасы азаматтығына жататынын растау туралы мәліметтерді сұратады, ал құжаттандыру және паспорттар мен жеке қуәліктерді беру жөніндегі уәкілетті орган оларды жыл сайын 1 қантарға қарай ұсынады.

6. Оператор сақтандыру шарттары бойынша қатысушы-сақтандыру үйімдары ұсынған мәліметтер негізінде осы Заңның 17-бабының 2, 3, 4 және 6-тармақтарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде мемлекет сыйлықақысын есептеуді, есепке жазуды және толық есепке жазуды жүзеге асырады.

7. Қатысушы-сақтандыру үйімі пайда алушылардың пайдасына жасалған сақтандыру шарттарына мемлекет сыйлықақысын оператордан мемлекет

сыйлықақысының жалпы сомасы алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде есепке жазады.

8. Сақтандыру шарты арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеу сақтанушының немесе пайда алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

9. Оқуға қабылданған, ауысқан, академиялық демалыс ресімделген, академиялық демалыстан оралған, оқуға қайта қабылданған, қатысушы білім беру үйымынан шығарылған, оның ішінде оқуды бітіруге байланысты шығарылған кезде пайда алушы немесе сақтанушы қатысушы-сақтандыру үйымына растау құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

10. Қатысушы білім беру үйымы:

1) пайда алушының оқуға қабылдануы, ауысуы, академиялық демалысты ресімдеуі, академиялық демалыстан оралуы, оқуға қайта қабылдануы, қатысушы білім беру үйымынан шығарылуы, оның ішінде оқуды бітіруге байланысты шығарылуы туралы операторды тиісті құжаттардың көшірмелерін жіберу арқылы хабардар етеді;

2) сақтанушының, пайда алушының немесе қатысушы-сақтандыру үйымының қызығынан шығарылуы, оның ішінде оқуды бітіруге байланысты шығарылуы туралы берілетін күнге толық оқу құны туралы анықтама береді;

3) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) пайда алушы басқа қатысушы білім беру үйымына ауысқан кезде, қабылдайтын қатысушы білім беру үйымының шотына білім беру қызметтеріне төленген ақының қалдығын аударады, бұл туралы оператор мен қатысушы білім беру үйымы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімде көзделген тәртіппен операторды хабардар етеді.

11. Қатысушы білім беру үйымы пайда алушының оқуы үшін алған сома мен оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күнге нақты алынған білім беру қызметтері құнының сомасы арасындағы айырма білім беру қызметтеріне төленген ақының қалдығы болып табылады.

12. Пайда алушы қатысушы білім беру үйымынан оқудан шығарылған кезде білім беру қызметтеріне пайдаланылмаған соманы қатысушы білім беру үйымы оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қатысушы-сақтандыру үйымының банктік шотына аударуға тиіс.

Ескерту. 4-тaraу 18-1-баппен толықтырылды – ҚР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19-бап. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін мемлекеттік қолдау

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру жинақтау салымы жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

1-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шенберінде өмірді сақтандыру сақтандырудың кепілдік берілген түрлеріне жатады.

2. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шенберінде салымшы білім беру кредитін жеңілдетілген шарттармен алуға өтініш білдіруге құқылы. Білім беру кредиті қарыз алушыға жинақталған сома оқу ақысын толық көлемде төлеу үшін қажетті соманың кем дегендे елу пайзы мөлшерін құраған кезде қатысуши білім беру ұйымында оқу құнының ұлғаю сомасына оны түзету мүмкіндігімен қалған сомаға кредитордың кредиттік желі ашуы арқылы мемлекет уәкілеттік берген ұйымның жұз пайыз кепілдігімен беріледі.

3. Қатысуши білім беру ұйымы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысатын салымшыға немесе пайда алушыға тараптардың келісімінде айқындалатын мөлшерде оқуға ақы төлеу үшін жеңілдік беруге құқылы.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

H. Nazarbaev